

**Ғылыми көзесші, биологияғылымдарының докторы, профессор
Андонов Анзор Василевичтің Камзиша Гулім Оразбаеваның
докторғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
«Шығыс Қазақстан облысының құмды тонырақтарында минералды
тыңайтқыштарды қолдануға байланысты ерекшеліктердің онимділігі мен
коректік сапасы» диссертациялық жұмысына**

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының озектілігі

Агрофитоценоздардың өнімділігін арттыру және егіншіліктің биологияландырылған жүйесіне алғышарттар жасау есебінен далалық және шалғындық шөп егуді елеулі жақсарту міндеттін ойдағыдай шешу ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жемшөп өндірісіндегі өсімдік акуызының тапшылығын төмендету мақсатында ең алдымен көпжылдық қажетті түрлер мен сұрыптық жынтықтағы жемшөп шөптерінің тұқымдарымен қамтамасыз етілуімен едәуір дәрежеде айқындалатын болады. Алайда, жемшөп базасын құруда да, егіншілікті биологияландыруды да көпжылдық шөптерге берілеттін рөлді олар тек тұқыммен жеткілікті қамтамасыз етілгенде, яғни тұқым шаруашылығы жақсы қалыптаскан кезде ғана орындаі алады. Тұқымдарды өсіріп-өндіру кезінде, жемшөп мақсатындағы шөптерден айырмашылығы, тыңайтқыштар генеративті органдардың басым дамуын ынталандыруы және тұқымның жоғары өнімділігінің қалыптасуына ықпал етуі керек.

Зерттеу объектісі

Зерттеу «Лана» шаруа қожалығында 2018-2021 жылдары жүргізілді. Яғни, ерекшөп дақылдарында минералды тыңайтқыштарды қолдану тиімділігін талдау минералды тыңайтқыштардың жасына және мөлшеріне байланысты олардың тиімділігінің әртүрлігін анықтады. Зерттеу әдістері келесідей болды: ерекшөп тұқымдарының далалық жағдайда өсіп-өнуі егудің әдісі, нормасы және тереңдігіне байланысты, ерекшөп шөбінің және жасыл массасының өнімділігі егудің әдісі мен егіп бітірудің нормасына байланысты, ерекшөп тұқымдарының өнімділігі егу әдістері мен егіп біріту нормасына байланысты, ерекшөптің коректік қасиеттері минералдық коректену деңгейіне байланысты.

Зерттеу пәні

Топыракты-климаттық сипаттамасы және метеорологиялық көрсеткіштер үш жылда бір рет зерттеліп отырды. Зертханада ерекшөптің коректік қасиеттері минералдық коректену деңгейіне байланысты, ерекшөп тұқымдарының сапасы минералдық коректену деңгейіне байланысты. Коректік мақсаттарда және тұқым үшін ерекшөпті өсіп-өндірудің экономикалық негіздемесі алынды.

Зерттеу нәтижелерін жариялау

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 5 ғылыми мақалада жарық көрді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитеті ұсынған ғылыми басылымдар – 3; халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 1; Scopus – 1.

Г.О. Камзишаның диссертациялық зерттеулерінің негізгі нәтижелері

Диссертация жұмысы компьютерлік мәтіндегі 100 бетте баяндалған. Ол әдебиеттер шолуынан, материалдардан және зерттеулерінен, жеке зерттеулардан нәтижелерінен, алынған нәтижелерді талқылаудан, қорытындыдан, тұжырымдардан және практикалық ұсыныстардан, кеңестерден және тақырыпты ары қарай зерттеу перспективаларынан, 75 дереккөзді қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, сонын ішінде 45% мемлекеттік тілде, 15% орыс тілінде, 15% шетелдік авторлардан тұрады. Диссертацияда 21 кесте, 22 сурет қамтылған.

Г.О. Камзинаның жүргізген зерттеуінен **алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы және құндылығы** ерекшелептің вегетативті көбеюі алғаш зерттелді, күтімнің агротехникасының сақталуы және рационалды пайдаланылуы жағдайында жалпак сабакты ерекшөп (тараққа ұқсас) тұракты гомеостатикалық агропопуляциялардың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Олар тұқымға өсіп-өндіру кезінде бірнеше жыл бойы жоғары тұқымдық өнімділігін сақтай алады.

Г.О. Камзинаның жүргізген зерттеу **жұмысының теориялық және практикалық құндылығы**. Жүргізілген зерттеулердің негізінде кен сабакты ерекшелепті қоректік және тұқымдық мақсаттарға өсіру, егудің әдістері, егіп бітіру нормалары және минералдық қоректендіруге байланысты сапасы бойынша кеңестер ұсынылды, бұл Шығыс Қазақстан облысының құмды топырақтарында өсірудің дәстүрлі технологиясымен салыстырғанда қоректік және тұқымдық өнімділігі бойынша аудан бірлігінен қосымша өнімді орташа 25% алушы қамтамасыз етеді.

Ізденушінің жеке үлесі

Диссертация 2018-2021 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулердің нәтижесі болып табылады. Ізденуші өзбетімен мақсат қойып, зерттеудің міндеттерін анықтады, оны жүргізу жоспарын құрды. Барлық зерттеулерді ізденуші тікелей өзі орындаған. Барлық деректік материалдарды талдап, жалпылады, мақалалар жазды.

15.05.2019 жылғы №103-л жобасына қатысты, тақырыбы Семей қаласында «Шығыс Қазақстанның құрғақ далалық аймағында жемшөптік жерлерінің өнімділігін арттыру үшін нақты егіншіліктің технологияларын енгізу».

03.09.2021 ж. №6382 пайдалы модельге 1 КР патенті алынды.

Ғылыми жетекшімен (С.М. Сейлгазина) бірге Шығыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында нақты егіншіліктің жүйесін енгізу бойынша ұсынымдар басып шығарылды.

Ұсынымдар

Диссертация жұмысын орындау барысында ізденуші жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерін, теориялық және практикалық материалды жақсы менгергенін, дербестікті және еңбекқорлықты танытты. Бұл оған барлық жоспарланған тәжірибелерді жоғары әдістемелік деңгейде жүргізуге, сандық материалды алуға, оны биометрлік өндеуді жүргізуге, кестелерге түсіруге, дәлелді негізdemесін беруге мүмкіндік берді. Бұл ретте ғылыми идея, зерттеулерді жүргізу әдістемесін әзірлеу, талдау және нәтижелерін сипаттау, материалды баспаға дайындау, алынған нәтижелерді және одан туындастын қорытындылар мен ұсыныстарды өндіріске ғылыми негіздеу, алынған нәтижелерді диссертациялық жұмыс түрінде рәсімдеу ізденушіге тиесілі. Жұмысты дайындау барысында ізденуші өзін жақсы дайындалған ғылыми қызметкер ретінде танытты.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 5 гылыми макалада, сонын ішінде – 4 рецензияланатын гылыми басылымдарда толық ашылды. Ізденушінің жарияланған жұмыстардагы жеке үлесі 90% күрайды.

Жұмыстың негізгі қагидалары баяндалып, аймақтық және халықаралық гылыми-практикалық конференцияларда мақұлданды.

Гылыми кеңесші ретінде Камзина Гулім Оразбаевнаның «Шығыс Қазақстан облысының күмды топырақтарында минералды тыңайткыштарды қолдануга байланысты ерекшелептің өнімділігі мен коректік сапасы» диссертациялық жұмысы аяқталған гылыми-біліктілік жұмыс болып табылады. Жұмыстың өзектілігі, гылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 24 қыркүйектегі №842 каулысымен бекітілген, докторлық диссертацияларға қойылатын Гылыми дәрежелерді тағайындау туралы Қагидалардың 8-тармағының талаптарына сай, ал ізденуші Камзина Гулім Оразбаевна 6D080100-Агрономия мамандығы бойынша PhD докторы гылыми дәрежесін тағайындауға лайықты деп есептеймін.

Профессор,

Пловдив аграрлық университетінің (Болгария)

Агрономия факультетінің

Биология ғылымдары докторы /қолы/

А. В. Андонов

Домалақ мөр: /Пловдив, Аграрлық университет/

Мекенжайы:

Пловдив қ. 4000, Менделеев бульвары 12.

Орыс тілінен казак тіліне аударманы аудармашы Карипова Альфия Тивбековна орындағы
Перевод с русского языка на казахский язык выполнен переводчиком Кариповой Альфией Тивбековой

Карипова Альфия Тивбековна

Альфия Тивбекова

